

ЛЕНИН ТУУЫ

ҚКП СОЛТУСТІК ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСТЫҚ КОМИТЕТІНІҢ, ЕҢБЕКШІЛЕР ДЕПУТАТТАРЫНЫҢ
ОБЛЫСТЫҚ СОВЕТІНІҢ ЖӘНЕ ҚКП ПЕТРОПАВЛ ҚАЛАЛЫҚ КОМИТЕТІНІҢ ГАЗЕТИ

№ 2 (9320) | 1954 жылғы 3 январь Жексенбі | Шығуына 34 жыл
жеке саны 20 тыйын.

СССВЕТ МЕКЕМЕЛЕРІ ПАРТИЯ ҰЙЫМДАРЫНЫҢ ЖҰМЫСЫ КӘЗІРГІ ТАЛАПТАР ДӘРЕЖЕСІНДЕ БОЛСЫН

Совет мекемелерінің кәзіргі кездегі ең басты міндеті — партия мен үкмет алға ұшып отырған саяси-шаруашылық міндеттерді жүзеге асыру, сөйтіп, халқымыз-өскелең талабына сай жұмыс істеу. Бұл міндеттерді жүзеге асыруда совет мекемелерінің бастаушы партия ұйымдары үлкен роль атқарады. Олар мекемедегі мемлекеттік тәртіпті қатаң сақталуып қамтамасыз етіп, жұмыстағы кемшіліктерге төзбей, оны кезінде жоюға көмектесіп отыруға тиіс.

Соңғы кезде партиямыз бен үкметіміз мемлекеттік аппараттың қалтқысыз жұмыс істеуіне бағытталған бірқатар ұйымдастыру шараларын жүзеге асырды. ССРО Министрлер Советінің совет мекемелеріндегі жұмыс күнінің жаңа режимі туралы қаулысы мемлекеттік аппараттың жұмысын анағұрлым жақсартуға, қызметкерлердің бос уақытын өздерінің мәдени және саяси өсуіне, іскерлік мамандығын арттыруға пайдалануына мүмкіндік берді.

Мекеме жұмысының табысты болуы бастаушы партия ұйымдарына тікелей йданысты. Егер мекеме партия ұйымы өзіндік-ұйымдастыру және партия-мен саяси жұмысты мейлінше жақсартып, коммунистердің авангардтық ролін арттырып, төменнен көтерілген сын мен назар сынды өрістетіп отырса, аппарат кәзіргі талаптар дәрежесінде, оперативті жұмыс істейтін болады.

Мекеме партия ұйымының басқа партия ұйымдарынан өзгешелігі сол, ол мекеме администрациясының жұмысын бақылау правосымен пайдалана алмайды. Бірақ, мекеме партия ұйымы СОКН Устаыында көрсетілгеніндей: «... мекеменің жұмысындағы кемшіліктер туралы білдіріп отыруға, министрліктің және оның жеке қызметкерлерінің жұмысындағы кемшіліктерді көрсетіп отыруға міндетті және өздерінің материалдары мен пікірлерін Орталық Комитетке және министрліктің басшыларына жіберіп отыруға міндетті».

Мекеме бастаушы партия ұйымы аппараттың жұмысына жауап береді. Сондықтан партия ұйымы, оның секретары аппараттың жұмысындағы кемшіліктерді күзесі болып, оны айтумен тынбай, оларды жоюдың жолын көрсетіп отыруға тиіс.

жауапкершілікпен орындауға тәрбиеленіп отыруға міндетті. Мұнымен бірге, ол аппаратта жұмыс уақыты қалай пайдаланылады, мәселені оперативті шешу ісі дұрыс ұйымдастырылған ба — міне, осыларды бақылап отыруы керек.

Совет мекемелері қызметкерлерінің марксизм-ленинизм негіздерін творчестволық жолмен оқып, меңгеруі мекеме жұмысын мейлінше жақсартуға мүмкіндік береді. Өйткені, аппараттағы қызметкерлер өздерінің саяси білімдерін көтерумен үнемі шұғылданып отырса, олар саяси жағынан білімді болса, мекеме жұмысы да партия мен үкмет қойып отырған кәзіргі талаптар дәрежесінде болады. Оның қалың бұқара арасындағы беделі артады. Міне, мұның бәрі — совет кадрларының маркстік-лениндік оқуын дұрыс ұйымдастыруға, олардың экономикалық білімін жетілдіруге партия ұйымының күнбе-күн назар аударуын керек етеді.

Алайда, бірқатар мекеме партия ұйымдары коммунистердің саяси оқуы сыяқты маңызды мәселеге жете мән бермей, дұрыс басшылық жасамай келеді. Әсіресе, Совет аудандық атқару комитетінің партия ұйымына тән. Аудандық Совет атқару комитеті партия ұйымы коммунистердің саяси оқуын нашар ұйымдастырып отыр. Мұнда СОКН тарихын үйренетін жоғары титлі үйірменің насихатшысы Яковенко жолдастың өз ісіне жауапсыздығынан сабақтың өтпей қалатын күндері жиі кездеседі. Ал бастаушы партия ұйымының секретары Назаров жолдас бұл жағдайды көре-біле тұрса да, партия оқуын ойдағыдай ұйымдастыруға бағытталған нақтылы шаралар белгілемей жүр.

Жұмыс күнінің жаңа режимі идеялық-саяси және мәдени-бұқаралық жұмысты анағұрлым жақсартуға мүмкіндік береді. Өйтсе де, кейбір мекеме партия ұйымдары бұл мүмкіндікті жете пайдаланбай, совет кадрлары арасындағы саяси жұмысты төмендетіп алды. Жасыратыны жоқ, совет мекемелерінде кадрларды іріктеп алу, оларды орналастыру және тәрбиелеу принципін бұрмалау, сөйтіп, мемлекет мүддесіне нұқсан келтіруге сыяқты фактілер де бар. Ленин аудандық тұтынушылар одағының бастаушы партия ұйымы сауда қызметкерлері арасында саяси-тәрбие

ССРО Жоғарғы Советі Президиумының Председателі К. Е. ВОРОШИЛОВ жолдастың жаңа жылға арналған сөзі

Қымбатты жолдастар! Ұлы Совет Одағының қымбатты азаматтары!

Жұмысшылар мен колхозшы әйелдер! Колхозшылар мен колхозшы әйелдер! Совет интеллигенциясы! Біздің Қарулы Күштеріміздің жауынгерлері! Даңқты совет жастары! Сіздерді басталып келе жатқан жаңа жылмен құттықтаймын!

Өткен 1953 жылы совет адамдары сүйікті Отанымыздың мүдделері үшін аянбай, жемісті еңбек етті.

Біздің еліміздің еңбекшілерінің сарқылмас ынта-жігерінің арқасында халық шаруашылығын өркендетудің бесінші бес-жылдық жоспары ойдағыдай орындалуда. Социализмнің сыртқы және ішкі жауларының тіміскілеген әрекеттеріне қарамастан Совет мемлекетінің күш-қуаты өсіп-нығаюда. Біздің социалистік Отанымыз барған сайын дәулетті болып, көркеюде. Барлық совет адамдарының материалдық әл-ауқаты мен мәдени дәрежесі артауда.

Біздің ұлы Отанымыздың халықтарының достығы құрылтай берік мызғымас достық. Жұмысшы табы мен шаруалардың туыскандық одағы мызғымас күшті және совет қоғамының моральдық-саяси бірлігі таңжылмас табанды.

Совет Одағының Коммунистік партиясы еңбекшілердің сүйіспеншілігімен және сеніммен күшті, ол халықтың барлық күші мен ынта-жігерін коммунистік қоғам орнатуға біріктіріп, бағыттай отырып, Маркстің — Энгельстің — Лениннің — Сталиннің жеңімпаз туын жоғары көтеріп келеді.

Халықтардың арасында нығайып отырған достықтың сенімді тіреті ретінде халықтың көкейтесті мүдделеріне, біздің Отанымыздың гүлденіп көркеюіне қамқорлық істеу — Коммунистік партия мен Совет Үкметінің ең жоғарғы мақсаты болып табылады.

Біздің партия мен үкмет өзінің барлық күшін социалистік мемлекеттің қуатын бұрынғыдан да гөрі арттыруға, совет адамдарының әл-ауқатын бұрынғыдан да жоғары дәрежеге көтеруге жұмсауда. ССРО Жоғарғы Советінің V сессиясының, Коммунистік партияның Орталық Комитеті сентябрь Пленумының белгілі қарарлары және біздің үкметіміздің өткен жылы ауыл шаруашылығы, халық тұтынығын

товарлар өндірісі және совет саудасын өркендету туралы мәселелер жөнінде қабылдаған қаулылары халықтың игілігі мен бақытына қамқорлық істеуге беленген.

Коммунистік партияның Орталық Комитеті мен Совет Үкметі біздің халқымыздың, коммунистік қоғам орнатушы халықтың өзіне тән творчестволық ынта-жігермен бұл өте маңызды қарарларды ойдағыдай жүзеге асыратындығына берік сенеді.

Игілікті еңбекпен шұғылданып жатқан совет халқы бейбітшілікті жақтауда және бейбітшілік ісін қорғауда. Халықтар арасында бейбітшілікті қамтамасыз етуге біздің ұмтылып отырған талабымыз — Совет Үкметінің өз халқының еркін орындай отырып жүргізіп келген және мүлтіксіз жүргізіп отырған сыртқы саясатының болағатты берік негізі болып табылады.

Бүкіл дүние жүзінде бейбітшіліктің ұлы ісі жолында күресушілердің біртұтас лагерінде Совет Одағымен бірге ұлы қытай халқы, халықтық демократия елдерінің еңбекшілері және капиталистік елдердің сан миллион қарапайым және адал ниетті адамдары күрес жүргізуде.

Өз күштеріне берік сенген, творчестволық күш пен қуатқа толы, өзінің байтақ және бақытты Отанының қожасы — совет халқы жаңа, 1954 жылды қуанышпен қарсы алуға.

Біздің партиямыздың Орталық Комитеті мен Совет Үкметінің атынан қымбатты жолдастар, сіздерді басталып келе жатқан жаңа жылмен шын жүректен құттықтаймын.

Бұл жыл бұрынғыдан да үлкен еңбек табыстарының, Отанымыздың күші мен қуаты өсуінің, оның қорғанышпаздық қабілеті оған сайын нығаюының жылы болсын! Барлық совет адамдары үшін материалдық және мәдени игіліктерді молайтатын жыл болсын!

Бұл жыл халықаралық шиеленісті оған сайын бәсеңдететін жыл болсын, бүкіл дүние жүзінде баянды және ұзақ бейбітшілік орнатуға үлкен табыстарға жететін жыл болсын!

Жаңа жыл құтты болсын, қымбатты жолдастар!

Совет Үкметіне келетін болсақ, ол халықтардың бейбіт өмір сүруі үшін, халықаралық шиеленістің бәсеңдетілуі үшін және мемлекеттердің арасында дұрыс қатынастар орнатылуы үшін қолдан келгеннің бәрін істеп келді, істеп отыр және бұдан бұлай да істей бермекші.

Г. М. МАЛЕНКОВ.

ССРО Министрлер Советінің Председателі

Г. М. МАЛЕНКОВ жолдастың Кингсбэри Смит мырзаның сұрақтарына ЖАУАПТАРЫ

Американың «Интернешнл ньюз сервист» агенттігінің европалық бас директоры Кингсбэри Смит мырза басталып келе жатқан жаңа жылмен байланысты 1953 жылы 28 декабрьде Г. М. Маленковтың кейбір сұрақтарға жауап беруін өтінді.

Төменде Кингсбэри Смит мырзаның сұрақтары мен Г. М. Маленковтың жауаптары келтіріледі.

Бірінші сұрақ. Американың халқы үшін 1954 жылға Сіздің тілектеріңіз қандай?

Жауап. Американың халқына шын жүректен бақыт және бейбіт тұрмыс тілеймін. Мен американың халқының барлық халықтармен достық қатынастарды өркендетуде табыстарға жетуін және бейбітшілікті бұзу әрекеттерінің қандайынан болса да бейбітшілікті қорғаудағы игілікті істе жемісті нәтижелерге жетуін тілеймін.

Екінші сұрақ. Жаңа жыл Америка мен Россия халықтарының арасындағы достық байланысты нығайту жылы болады деп Сіз үміттенесіз бе?

Жауап. Бәрінен бұрын біздердің елдеріміздің арасындағы қатынастардың жақсаруын тілеу керек. Мен жаңа жылда Совет Одағы мен АҚШ-тың арасындағы қатынастардың жақсаруына және біздердің елдеріміздің халықтары арасындағы достықтың дәстүрлі байланыстары нығаюына объективтік кедергі-бөгеттер жоқ деп есептеймін. Мен осылай болады деп үміттенемін де.

Үшінші сұрақ. 1954 жылы бүкіл дүние жүзінде бейбітшілікті сақтаудың және халықаралық шиеленісті бәсеңдетудің мүмкіншіліктері Сіз қалай бағалайсыз?

Жауап. Барлық халықтар баянды бейбітшілікке күштер және 1954 жылы халықаралық шиеленісті оған әрі бәсеңдету

үшін қолайлы мүмкіншіліктер бар. Үкметтер және бәрінен бұрын ұлы мемлекеттердің үкметтері халықтардың үніне құлақ қоймай отыра алмайды және олардың баянды бейбітшілікке деген барған сайын өсіп отырған талабымен санаспай отыра алмайды.

Совет Үкметіне келетін болсақ, ол халықтардың бейбіт өмір сүруі үшін, халықаралық шиеленістің бәсеңдетілуі үшін және мемлекеттердің арасында дұрыс қатынастар орнатылуы үшін қолдан келгеннің бәрін істеп келді, істеп отыр және бұдан былай да істей бермекші.

Төртінші сұрақ. 1954 жылы бүкіл дүние жүзінде бейбітшілік мүдделері үшін жасала алатын ең маңызды қадам, деп Сіз нені есептейсіз?

Жауап. Мұндай қадам — мемлекеттердің арасында келісім жасау, соның негізінде келісімге қатынасшылардың атом, су тегі қаруын, жаппай қырып-жоюға басқа да қаруды қолданбауға өздеріне салтанатты және сөзсіз міндеттеме алулары болар еді. Мұндай келісім атом қаруына толық тыйым салу туралы және атом қуатын соғыс мақсаттарына пайдалануға тыйым салудың жүзеге асырылуына қатысты халықаралық бақылау орнату туралы келісімге келу мүмкіндігін жеңілдетер еді.

Мұнымен қабат, Совет Үкметі қару-жарақтың және қаруды күштердің барлық басқа түрлерін едәуір азайту туралы келісімге келуді қажет деп санар еді.

Осының бәрі соғыс мұқтаждарына мемлекеттік шығындарды сөзсіз азайтар еді және халықтың экономикалық жағдайын жеңілдетер еді.

Көпшілік тұтынатын өнеркәсіп товарлары министрлігі кәсіпорындарының қызметкерлері жылдық жоспарды мерзімінен бұрын орындады

ССРО Көпшілік тұтынатын өнеркәсіп товарлары министрлігі кәсіпорындарының қызметкерлері 20 декабрьде 1953 жылға белгіленген мемлекеттік жоспарды жалпы мерзімінен бұрын орындады.

29 декабрьде дөңгелек орындап шықты. 29 декабрьде дөңгелек орындап шықты. 29 декабрьде дөңгелек орындап шықты. 29 декабрьде дөңгелек орындап шықты.

Осы арқылы аппараттың ұстау жұмыс істеуіне жетісуі керек.

Алайда, облысымызда кейбір мекеме партия ұйымдары жұмысты партия қойған талаптарға сай істей алмай отыр. Мысалға Петропавл аудандық Советі аткомінің партия ұйымын алайық. Мұнда партия жыйналысы уақытылы өткізіліп отырмайды. Жыйналыста, көбінесе, аудандық партия комитеті ұсынған мәселелер ғана талқыланады. Сол сияқты, партия ұйымының мекеменің комсомол кәсіпода- ұйымдарымен байланысы нашар. Партия ұйымы коммунистерге партиялық тапсыр- малар беріп, оның орындалуын бақылап отырмайды.

Партия ұйымы мекеме жұмысына қатысы бар толғағы жеткен мәселелерді күн тәртібіне жиі қойып, оны талқыла- ған уақытта аппарат коллективінің, ал- дымен коммунистердің жұмысын естері- шығармау керек. Бастауыш партия ұйы- мы мекеме қызметкерлері арасында сын мен өзара сынды өрістетіп, оларды кем- шіліктер мен қателіктерді жұмыс үстінде түзеуге үйретуге тиіс.

Совет мекемелеріне күн сайын еңбек- шілерден көптеген арыздар мен шағымдар түседі. Олар өздерінің арыздары арқылы жұмыстағы кемшілікті хабарлап, тілекте- рін білдіреді. Партия ұйымы еңбекшілер- дің дабылына аппараттың уақытылы кү- ләк асуымен қанағаттанбай, сол кемші- ліктердің себебін ашып, оны жоюға жеті- керек.

Қазақ істің жайы бірқатар совет меке- мелерінде тіпті бұлай болмай отыр. Еңбек- шілердің арыздары мен шағымдарына дер кезінде құлақ аспау, олардың тілек- терін орындамау сияқты фактілер облыс- тың бірсыпыра совет мекемелерінде әлі де болса орын алып келеді. Мәселен, қа- лалық Совет аткоміндегі істің жайы дәл осындай. Мұнда ондаған арыздар мен ша- ғымдар бар. Олардың біразына айдан астам уақыт бойы жауап қайтарылған жоқ.

Мекеме партия ұйымы әрбір совет қыз- меткерін социалистік Отанымызға беріл- гендік рухында, советтік патриотизм ру- хында, өзіне тапсырылған жұмысты мем- леветтік маңызды іс деп түсініп, оны

және өздерінің жемқорлық жасауына қатыстарымен аз шұғылданады. Кадрларды біліміне, тәжірибесіне, қолынан іс келеті- ніне қарай іріктеп алуға жете көңіл бөл-мейді. 198 сауда қызметкерінің 2-де жоғары, 13-де орта білім бар. Басқалары- ның білімі жетіжылдық бастауыш мектеп зәлемінде ғана. Олардың бірде-бірі жоғары және орта білім беретін оқу орындарында сырттан оқымайды.

Партия ұйымының тәрбие жұмысында- лы осындай кемшіліктер мекеме жұмысы- ның қанағаттанғысыз болуына себепші болып келеді. Бұған ауданның сауда орындарында айлық, тоқсандық товар ай- налымы жоспарының үнемі орындалмай келе жатқандығын айтсақ та жеткілікті. Колхоздар мен совхоздардағы сауда орын- дарына көпшілік тұтынатын товарлар уағында жеткізілмейді. Бұл ауданда сауда қызметкерлерінің жұмыс тәртібін бұзу, магазинді мезгілінде ашпау, оның үстіне мемлекет мүлкі мен қаржысын талан- та- ражға салу, совет саудасының принципін бұрмалау фактілері жиі кездеседі.

Коммунистік партия мен Совет Үкметі мемлекеттік аппаратты нығайтуға, оның жұмыс әдістерін жетілдіруге үнемі қамқор- лық жасап келеді. Олардан әрдайым өздері- нің алдына қойылған міндеттер дәреже- сіңде болуы, совет мекемелері қызмет- керлерінің өз халқының өскелең тілегіне сай қызмет етуі талап етіледі. Бұл мін- деттерді ойдағыдай орындау үшін мекеме партия ұйымдары саяси жұмыстарды ме- кеменің алдындағы саяси шаруашылық міндеттермен ұштастыра жүргізуге тиіс.

ҚКП қалалық, аудандық комитеттері мекеме партия ұйымдарының жұмысына нақтылы басшылық жасап, олардың кем- шіліктерін дер кезінде көрсетіп, оны жою- ға көмектесіп отыруға міндетті. Ал, совет мекемелерінің бастауыш партия ұйымдары партиялық- ұйымдастыру және пар- тиялық- саяси жұмысты жақсартып, ап- параттағы әрбір коммунистің, әрбір пар- тияда жоқ активтің партиямыз бен үбме- тіміздің қарарларын орындауы жолында белсенді қызмет істеуіне жетісулері керек.

Қазақстан ЛКЖО Орталық Комитетінде

Қазақстан ЛКЖО VII съезін шақыру туралы

Қазақстан ЛКЖО Орталық Комитеті 1954 жылғы 26 январьда Қазақстан ЛКЖО VII съезі шақырылсын деп қаулы алды.

Съездің күн тәртібі:

1. Қазақстан ЛКЖО Орталық Комитетінің есепті баяндамасы.
2. Қазақстан ЛКЖО Орталық Тексеру комиссиясының есепті баяндамасы.
3. Республика мектептерінің комсомол және пионер ұйымдарының жұмысы туралы.

4. Сайлау:

- а) Қазақстан ЛКЖО Орталық Комитетін сайлау;
- б) Қазақстан ЛКЖО Орталық Тексеру комиссиясын сайлау;
- в) БЛКЖО XII съезіне делегаттар сайлау.

Қазақстан ЛКЖО Орталық Комитеті Қазақстан комсомолының VII съезіне 700 комсомолдан шешуші дауыспен бір делегат сайланады деп белгіледі.

Кремльде болған жаңа жылдық қабылдау

31 декабрьде Кремльде ССР Одағы Ми- нистрлер Советі мен Совет Одағының Ком- мунистік партиясының Орталық Комитеті жаңа жылдық қабылдау мәжлісін жасады. Кремльдің Үлкен Сарайының Георгиев- залына ССРО Үкметінің мүшелері, СОКП Орталық Комитетінің мүшелері, ССРО және РСФСР Жоғарғы Советтерінің депу- таттары, Москваның өнеркәсіп орындары мен құрылыстарының таңдаулы адамдары ауыл шаруашылығының қызметкерлері, Совет Армиясының, ғылым мен мәдениет- тің аса көрнекті өкілдері жыйналды.

Қабылдауға қатысушылар ССРО Жоғар- ғы Советі Президиумының Председателі К. Е. Ворошиловтың жаңа жылдық сөзін қызу құттықтап қарсы алды.

Жыйналғандар Г. М. Маленков жолдас- тың ұлы совет халқының, дана Комму- нистік партияның құрметіне, жұмысшы табы мен колхозшы шаруаның, олардың

мызғымас одағының құрметіне, советтік айбынды Қарулы Күштердің құрметіне, Совет мемлекетінің бейбітшілік саясаты- ның құрметіне, ғылымның, искусствоның және әдебиеттің қайраткерлерінің құрме- тіне жасаған құттықтауларын ду қолша- палақтаумен қарсы алды.

Қабылдауға қатысушылар бізбен достас ұлы қытай халқының құрметіне, халық- тық демократия елдері еңбекшілерінің құрметіне жасалған құттықтауларды қы- зу қарсы алды.

Қабылдау Партияның, Үкметтің және со- вет халқының мызғымас бірлігінің айқын сыпаттамасы болды.

Қабылдау мәжлісі кезінде үлкен кон- церт болды, оған Москваның, Ленинград- тың және Киевтің таңдаулы артистері қа- тысты.

(СОТА).

Төзімділік жасап отыр

Совет ауданының колхоздарында мал нашар қыстатылуда

СОКП Орталық Комитеті сентябрь Пле- нумының «ССРО ауыл шаруашылығын оған әрі өркендету шаралары туралы» қаулысында мал шаруашылығын неғүр- ді зор маңызды бар және кәсіргі уақытта партия мен мемлекеттің ауыл шаруашы- лығындағы ең шұғыл міндеті болып табы- латындығы атап көрсетілді. Мал өсіру, оның өнімділігін арттыру жөніндегі бұл міндеттердің мінсіз жүзеге асырылуы мал қыстату маусымының тыңғылықты өтуіне тығыз байланысты. Сондықтан да жергі- лікті партия, совет ұйымдары мен МТС, колхоз, совхоздардың басшылары мал қы- стату маусымының әрбір колхозда, совхоз- да ұйымшылдықпен өтуін, малдың қоны- ның төмендемеуін және малдан алынатын өнімнің кемімеуін қамтамасыз етуге тиіс- ті.

Совет ауданының алдыңғы қатарлы колхоздары мен совхоздары СОКП Ор- талық Комитеті сентябрь Пленумының қау- лысынан нақтылы қорытынды шығарып, мал шаруашылығын жедел өркендету кү- ресін күшейтуде. Ондай шаруашылықтар- да мал қыстату маусымы үлгілі өткізілу- де. Мәселен, «Красное поле» колхозында қоғамдық мал алғашқы күннен бастап тыңғылықты күтімге алынды. Мұнда са- банды малға күнібұрын әзірлеп беруде сабан турағыш машина және үш азық буландыргыш жұмыс істейді.

Бұл колхоздың әрбір фермасы мал өсі- руде тәжірибесі бар малшылармен толық- тырылған. Олар малды кезінде суарып, азықтандырады. Әресе, төлдер жақсы күтімге алынған. Төл үйлері әрбір қлет- қаға бөлініп, іші тазартылып, дезинфек- цияланған.

Осы сияқты, Қызыл совхозының мал өсірушілері де мал қыстату маусымын

ұйымшылдықпен өткізіп келеді. Мұн- да жемшөп малға белгіленген норма бойынша өлшеніп беріледі. Мал шаруашы- лығының мамандары малшылармен, мал- ды зоотехникалық-малдәрігерлік ереже- лерге сай күту жөнінде жиі- жиі әңгіме- лер өткізіп, оларды қажырлы еңбек етуге жұмылдырып отырады.

Алайда, бұл сияқты алдыңғы қатарлы- лардың саны ауданда мүлдем аз. Аудан- ның көпшілік колхоздарында мал қыстату маусымының барысы нашар. Әлі күнге дейін кейбір фермалар мал күтушілермен тұ- рақтандырылмаған. Жемшөпті ұнтақтап бер- уісі ұйымдастырылмаған. Азық булан- дырғыштар жасалмаған. Осының барлығы мал азығының мөлшерсіз жұмсалыуына, мал дәрдің қоны төмендеп, шығынға ұшы- рауына әкеліп соғуда. Нақтылы фактілер келтірейік.

Ауданның қамтуындағы үш МТС-те барлығы он шақты сабан тұрайтын ма- шина бар. Егер бұлар жұмысқа өнімді пайдаланылған болса, онда колхоздардың барлығында ірі мал азықтары туралы берілген бола еді. Істің жайы бұған мүл- дем керісінше болып отыр. Көп колхоз- дар әлі күнге дейін ірі мал азықтарын турап, буландырып беруге кіріскен жоқ.

Мәселен, «Новый быт» колхозында қо- ғамдық малға ірі мал азықтары туралы берілмейді. Керек десе, бұл колхозда азық буландыргыш қамба да жасалмаған. Бұл колхозды қамтытын Сартомар МТС- інде 3 азық турағыш бар. Ал, МТС- тің қамтытын колхоздарының саны небары төртеу ғана. Үш азық турағыш тәулік бойы жұмыс істеген болса, онда колхоздардағы барлық малға азықты турап беруге бола- ды МТС- тің бас инженері Чвилев жолдас «азық турағыш машина- сы «Қазақстанның 30 жылдығы»

ССРО мұнай өнеркәсібінің қызметкерлері жылдық жоспарды мерзімінен бұрын орындады

Мұнай өнеркәсібінің қызметкерлері му- най шығару және таза мұнай өнімдерін өндіру жөнінде ССРО Мұнай өнеркәсіп министрлігіне 1953 жылғы белгіленген жоспарды 28 декабрьде орындап шықты. (СОТА).

Электр станциялар қызметкерлері электр қуатын өндірудің жылдық жоспарын мерзімінен бұрын орындады

ССРО Электр станциялар және электр өнеркәсіп министрлігінің электр станция- лар қызметкерлері 26 декабрьде электр қуатын өндіру жөнінде 1953 жылға бел- гіленген жоспарды мерзімінен бұрын орындап шықты. (СОТА).

Темір-бетон конспрукцияларының заводы

ТЕМПРАУ. (ҚазТАГ). Мұнда жаңа кә- сіпорын — темір -бетон конспрукциялары- ның заводы салынууда. Ол тұрғын үйлер салуға керекті бөлшектер жасап шыға- рады. Жаңа кәсіпорын өзінің қуаты жа- ғынан елдегі осы типтегі үшінші завод болмақ.

колхозында үздіксіз жұмыс істей- ді» деп мақтанып етеді. Шынында осы колхоздағы азық турағыш машина жұ- мысқа өнімді пайдаланылмайды. Небары бұл машинамен туралған азықтың салма- ғы екі тоннаға жетпейді. Маминаның жұ- мысқа толық пайдаланылмауы салдары- нан колхоздың № 2, № 3 бригадаларында малға ірі азықтар туралы берілмейді. Осы сияқты, «Красный полтавец» кол- хозындағы азық турағыш машина бұл күнге дейін іске қосылмай келеді. Бұған МТС директоры Макаров жолдас асығар емес. Ол 1015 тонна мал азығын турау жөніндегі жоспардың орындалмауына қын- жылар да емес.

Жағдай Совет МТС-інде бұдан да на- шар. Бұл МТС-тің қамтуындағы колхоз- дардың көпшілігінде мал азығы туралы берілмейді. Молотов атындағы колхоздың председателі Жунысов жолдаспен әңгіме- лескенде ол былай деді:

— Ірі мал азығын турап, буландырып беру жөнінде бізге МТС ешқандай көмек көрсетпейді. Осы себепті біз қоғамдық малға азықты турап және буландырып бере алмай отырмыз.

Ауданның кейбір колхоздарында мал күтімі ойсыраған олқылыққа ұшыраған. Фермалар әлі күнге дейін мал күтушілер- мен толықтырылмай келеді. «Қазақстан- ның 30 жылдығы» колхозында, әресе, төлдердің күтімі нашар. Мұнда күтімнің нашарлығынан бірнеше бузау шығынға ұшыраған. Істің жайы осылай бола тұрса да колхоз басшылары төлдерді күтуге ешбір адам тағайындамаған. Қарамал фер- масының менгерушісі Кенжеғарин жолдас «20 күн бойы бузаларды өзін суарып, азықтандырамын», —дейді. Бұдан оның мал шаруашылығына басшылық студегі дәрменсіздігін көруге болады. Колхозда жұмыс істемей жүрген колхозшылар ондап саналады. Бірақ, оларды мал шаруашылы- ғын өркендету күресіне жұмылдыру ісі- мен колхоз басқармасы жеткілікті түрде шұғылданбай жүр.

Аудандық партия комитетіндегі жол- дастар:

—Егер мал азығы белгіленген норма бойынша жұмсалса, онда колхоздарда мал азығы қыс маусымына жетеді, —дейді. Ал, көпшілік колхоздарда азық малға өл- шеніп берілмейді. Мәселен, Молотов атын- дағы колхозда қыс басынан қоғамдық малға азық бірде- бір рет өлшеніп бер- рілген жоқ. Колхоз басшылары мал азы- ғының есебін «көз мөлшерімен» жүргізеді. Мұның ақыры азықтың мал қыстату маусымының аяқ кезінде жетпей қалуы хауіпін тұрғызып отыр. Мұнда сабан мен топанды пайдалану ісі еске де алынбаған.

Қай колхоздың басшылары болсын са- бан мен мекенді мал азығының есебіне енгізген. Осылай болғандықтан олар са- бан мен топанды қыстаулар қасына та- суды үлгілі ұйымдастырулары керек еді. Бірақ, бірқатар колхоздарда сабан мен топан қар астында жатыр. Ондай колхоз- дардың қатарына «Красный полтавец», «Красное поле», «Новый быт» тағы басқа колхоздарды қосуға болады. Бұл аталған колхоздар сабан мен топанды тасу жұ- мысын әлі күнге дейін шын мәнінде ұйымдастырмай отыр.

Көпшілік колхоздарда мал азығын қыс- таулар қасына тасу ісі қанағаттанғысыз. Бұл жөнінде МТС-тер колхоздарға нақты- лы көмек көрсете алмай келеді. Сартомар МТС-і өткен онкүндікте колхоздарға бір- де -бір тонна мал азығын тасып бермеді. Бұл онкүндіктің тапсырмасы Совет МТС- де де небары 47 процент орындалды.

Совет ауданының колхоздарында мал қыстату маусымының барысы осындай төзгісіз жағдайда. Бұған аудандық партия комитеті мен Совет аткомінің басшылары төзімділік жасап отыр.

Т. КӘДІРОВ.
СМИРНОВО, (арнаулы тілшіміз).

үгітшілерге көмек

Совет саудасы және халықтың материалдық дәрежесінің артуы

Біздің партиямыздың Орталық Комитетінің сентябрь Пленумы социалистік ауыл шаруашылығын жедел өркендетудің программасын жасады. Оның жүзеге асырылуы таяудағы екі- үш жылдың ішінде еңбекшілердің азық- түлік товарларына деген өскелең қажетін жеткілікті қанағаттандыруға, жеңіл және тамақ өнеркәсібін шикізатпен қамтамасыз етуге мүмкіншілік береді.

Партия мен үкіметтің қарарлары көпшілік тұтынатын өнеркәсіп товарлары мен азық-түлік товарларын өндірісін шұғыл ұлғайтуды көздейді. 1956 жылы 1950 жылғымен салыстырғанда: жүн мата—екі есе, жібек мата—5 еседен аса, іптік тоқыма киімдер—2,8 есе, тігін машиналары мен велосипедтер—6 есе дерлік, мөбелдер—4 есе дерлік, ет—2,4 есе, шұжық тағамдары—2,2 есе, мал майы—2 есе, сыр—3,3 есе, шакпақ қант—2,6 есе көп өндіріледі.

Шығарылуы жылдан-жылға өсе түсіп отыратын орасан көп товарлардың барлығын тұтынушыларға жеткізу үшін совет саудасын кеңінен өрістетуге және оның мәдениеті мен техникалық жабықталуын арттыруға қажет.

ССРО Министрлер Советі мен Совет Одағы Коммунистік партиясы Орталық Комитетінің «Совет саудасын онан әрі өркендету шаралары туралы» қаулысы совет саудасын жана, анағұрлым жоғары сатыға көтеруді және оның еліміздің экономикалық өміріндегі ролін онан әрі арттыруды көздейді.

* * *

Совет саудасы—ерекше сыпатты сауда. Ол біздің елімізде социализмнің жеңуі негізінде туып, өркендейді. Бұл капиталистерсіз, саудагерлерсіз жүргізілетін сауда. Ол социалистік қоғамды қамтуға, социалистік өндірісті өркендетуге және нығайтуға, оны халықтың тұтынуымен байланыстыруға жәрдемдесуге тиіс.

Елдің экономикалық өмірін өркендетуде және халықтың тұтыну дәрежесін көтеруде совет саудасы зор роль атқарады. Ол социализмнің негізгі экономикалық заңының талаптарына сәйкес дамып отырады. Қоғамның үнемі өсіп отырған материалдық және мәдени қажеттерін қанағаттандыру едәуір дәрежеде үздіксіз көбейіп отыратын аралдан товарларды еңбекшілерге сату арқылы жүзеге асырылады.

Халық өмірінің материалдық және мәдени дәрежесін үнемі көтерудің негізі ұлттық табыстың үздіксіз өсуі болып табылады. Соғыстан кейінгі дәуірде халық шаруашылығын ойдағыдай қалпына келтірудің және өркендетудің нәтижесінде 1952 жылдың өзінде ұлттық табыстың мөлшері соғысқа дейінгіден екі еседен аса артты. Ұлттық табысты бөлудің социалистік принципінің жүзеге асырылуы, бөлшек сауда бағаларының үздіксіз кемі-

Алайда, товар айналымының көзіргі мөлшері және совет саудасының жайы еңбекшілердің өскелең талаптарын қанағаттандыруға тиісті совет саудасының өзінің нағыз мазмұнынан туады.

Коммунистік партия мен Совет үкіметі халықтың материалдық және мәдени дәрежесін онан әрі көтеру мақсатымен көзіргі халық тұтынатын товарлар өндірісін шұғыл ұлғайтуды ұйымдастыруда. Мемлекеттік және кооперативтік сауданың товар айналымының мөлшері 1954 жылы 1950 жылымен салыстырғанда 72 процентке және кооперативтік сауданың товар айналымының мөлшері 1954 жылы 1950 жылымен салыстырғанда 72 процентке үлғайтуға тиіс. Мұның өзі бесінші бесжылдықтың 1955 жылғы тапсырмасының 1954 жылдың өзінде артығымен оның далатынын көрсетеді. 1955 жылы бөлшек сауда товар айналымының мөлшері 1951 жылғыдан екі есе артады.

Партия мен үкімет таяудағы екі-үш жылдың ішінде әрбір қалада, әрбір селолық ауданда халыққа керекті барлық товарлардың үздіксіз сатылуын қамтамасыз ету міндетін қойып отыр.

Әресе, көзіргі деревняда товар айналымын өрістетуге үлкен маңыз алады. СОКП Орталық Комитетінің сентябрь Пленумының қаулысына және ССРО Жоғарғы Советінің бесінші сессиясында қабылданған Заңдарға байланысты колхоздар мен колхозшылардың ақшадай табысы шұғыл артады, олай болса, деревняның товарларды керексінуі де өсе түседі.

Үкіметтің қарары бойынша 1953 жылдың өзінде тұтынушылар кооперацияларына бөлінетін өндіріс пен шаруашылыққа арналған товарлардың рыноктік қоры шұғыл көбейді. 1953 жылы колхоздар мен халыққа сату үшін 1940 жылы бөлінгенімен ағаш және ағаш материалдары—13,3 есе, металл—15 есе, үй төбесін жабатын жұмсақ материалдар—20 есе дерлік, шифер—9 есе дерлік және цемент—43 есе көп бөлінді. Міндет қысқа мерзім ішінде деревняда өндіріс және шаруашылық товарлар саудасын жақсартуда болып табылады.

СОКП Орталық Комитеті сентябрь Пленумының қаулысына сәйкес тұтыну кооперацияларына мемлекет сатып алу ретінде мал шаруашылығы өнімдерін алатын колхоздар мен колхозшыларға сатылған өнімнің әрбір 100 сомна 100 сомның товарын беру есебінен өндіріс пен шаруашылыққа арналған өнеркәсіп товарларын, ал колхозшыларға шаруашылыққа және жеке тұтынуға арналған товарлар сату міндеті қойылды. Бұл қаулыны жүзеге асыру және мемлекеттің ауылшаруашылық өнімдерін сатып алуын қамтамасыз ету тұтыну кооперациялары қызметкерлерінің борышы.

Дегенмен, бірқатар облыстарда мұндай маңызды жұмыс жеткізіліп отырғандықтан

Халықтың керексінуін зерттеудің қажеттігі еңбекшілердің өскелең талаптарын қанағаттандыруға тиісті совет саудасының өзінің нағыз мазмұнынан туады.

Керексінуді зерттеу—жеке мақсат емес. Ол өнеркәсіпке ықпал жасау үшін еңбекшілердің товарлардың ассортименті мен сапасы жөніндегі қажетін дұрыс айырудың құралы. Үкімет сауда ұйымдарына өнеркәсіп орындарынан халықтан керексінуі таппайтын, қажетті ассортиментке сай келмейтін немесе сапасы төмен товарларды алмауға право берді. Бұл правоны сауда ұйымдары өзінше пайдалануда. Олар көбінесе кәсіпорындарынан өтпейтін, сапасы төмен алып, халыққа, сондай-ақ мемлекетке үлкен зиян келтіріп жүр.

Тұтынушылар мақсатын өтеуде көтерме сауда үлкен роль атқаруға тиіс. Көтерме сауданы өнеркәсіп министрліктеріне ССРО Сауда министрлігіне беру өндіріледі, бұл товарлардың сапасы және ассортименті үшін күрес ісінде оның ролін арттырды, оны сауда ұйымдарына жақындатуды және сауда мекемелерін халықтың керексінуіне сәйкес товарлармен жабықтауды жолға қоюды көздейді. Алайда, көтерме сауда ұйымдары өзінің жұмысын көп реттерде жаңа талаптарға сай құра алмай келеді.

Сол сияқты, сауда ұйымдарының өнеркәсіп товарларына алдын ала заказ беру практикасы және оның орындалуына бақылауы жақсартылуы керек. Жоспарлаушы органдар, министрліктер және ведомстволар жоспар жасауда сауда ұйымдарының жетіспейтін товарларға заказын орындау және оны еңбекшілердің қажетін қанағаттандыратын мөлшерде шығарылуын қамтамасыз ету үшін жетіспейтін товарлардың түрлері мен сорттарын шығаруды жете ескеруге міндетті.

Мемлекеттің және кооперативтік сауданың айналымын кеңінен ұлғайту, товарлардың ассортиментін көбейту сауданың материалдық-техникалық базасын мықты нығайтуды талап етеді. 1953 жылы товар айналымы 1940 жылғыға қарағанда 79 процент өссе де, бөлшек сауда жүйесі соғысқа дейінгісінен 8,4 процент ғана артады. Әресе қойма шаруашылығы өскелең сауда қажетінен кейін қалып келеді.

ССРО Министрлер Советі мен СОКП Орталық Комитетінің қаулысында қалалар мен селолық жерлерде сауда мекемелерін, тоназытқыштар, азық-түлік және өнеркәсіп товарлары қоймаларын, картон-овощ сақтағыштар салудың, сауда жүйесін тоназытқыштармен жабықтаудың кең программасы белгіленген. ССРО сауда министрлігі бойынша 1954 жылы 1953 жылғыға қарағанда күрделі қаржы жұмсау 2, 3 есе көбейтіледі. Тұтыну кооперациялары бойынша күрделі қаржы екі еседен аса өседі. 1954—1956 жылдары қалалар мен селолық жерлерде



Петропавлдағы механикалық техникумды өткен оқу жылында бітіріп шыққан комсомолец Константин Ермилов көзіргі осы техникумда өндірістік оқудың нұсқаушы-мастері болып қызмет істеп жүр.
СУРЕТТЕ: мастер Константин Ермилов (ортада) токарлар даярлайтын группаның оқушыларымен практикалық сабақ өткізіп тұр.
Суретті түсірген А. Розенштейн.

Медицина қызметкерлерінің басты міндеттері

Еліміздің еңбекшілері СОКП Орталық Комитетінің «Ауыл шаруашылығын онан әрі өркендету шаралары туралы» қаулысын қызу қолдап, көзіргі оны жүзеге асыру жолында жанаямай еңбек етуде.

Социалистік ауыл шаруашылығын онан әрі өркендету жөнінде Пленум алға қойған міндеттерді орындау жолындағы күресте денсаулық сақтау орындары қызметкерлеріне, әресе, ауыл-селолық жерлерде жұмыс істейтін медицина қызметкерлеріне зор және жауапты міндеттер жүктеледі. Демек, еңбекшілердің денсаулығын қамқорлықпен сақтау үшін күресуші медицина қызметкерлері колхозшыларды, МТС, совхоз жұмысшыларын дәрігерлік көмекпен қамту ісін мейлінше жақсартып, олардың колхоз, совхоз өндірісіне белсене араласуына, еңбек өнімділігін арттыра берулеріне көмектесулері керек.

Бұл міндеттерді орындау жөнінде облысымызда бірқатар жұмыстар жүргізілуде. Ауыл-селолық жерлерде дәрігерлік участоктер, фельдшерлік және фельдшерлік-акушерлік пункттер жұмыс істеуде. Быйыл Конохов ауданында жаңа аурухана салынып, ол қажетті медицинагерлермен, дәрігерлік қызметкерлермен қамтамасыз етілді. Көзіргі бірқатар аудандарда аурулардың науқасын аудандық ауруханалардың өзінде анықтауға жағдай жасалды. Ол үшін соңғы жылдың өзінде Булаев, Конохов, аудандық ауруханаларында рентген аппараттары орнатылды. Жуырда Преснов аудандық ауруханасы да рентген

орындарын бітірген жоғары білімі бар 18 дәрігер, орта білім бар 55 дәрігер облысымызда алғашқы жыл қызмет істеп жүр. Олардың көпшілігі аз уақыт ішінде теориялық білімін практикамен ойдағыдай ұштастырып, өз істерінде игілікті нәтижелерге жетісіп отыр.

Коммунистік партия алға қойған міндеттерді жүзеге асыру мақсатымен ауыл шаруашылығы еңбекшілеріне көмектесу үшін облысымыздың дәрігерлік қызметкерлері ауыл-селоға барып, қызмет ету абройлы міндет екенін жете түсінді. Қаладағы брицеллез станциясының дәрігері, ерлі-зайыпты Гордиенко жолдастар партияның шақыруы бойынша селоға барып қызмет етуге бірінші болып тілек білдірді. Аз уақыт ішінде қала орталығынан орта білімі бар 6 дәрігерлік қызметкер ауыл-селоға жүріп кетті. Олардың мақсаты—колхозшылардың, МТС, совхоз жұмысшылары арасында денсаулық-тазалық сақтау жұмыстарын ойдағыдай жүргізу арқылы, ауыл шаруашылығын онан әрі өркендету ісіне келелі үлес қосу.

Ауыл-селода денсаулық сақтау жұмысын мейлінше жақсарту—денсаулық сақтау бөлімдерінің басты міндеті. Олар ауыл-селолық денсаулық сақтау орындарына басшылықты мейлінше жақсартып, жұмысын күнбе-күн бақылап отыруға, дәрігерлік қызметкерлердің мамандығын үнемі көтеріп отыру мәселесімен жете шұғылдануға міндетті.

Бізге өзінің қамтуындағы колхоздар

АМЕРИКАНДЫҚТАР БАТЫС ГЕРМАНИЯДА СОВЕТ ОДАҒЫНАН ҚАЙТҚАН БҰРЫНҒЫ СОҒЫС ТҮТҚЫНДАРЫ АРАСЫНАН АГЕНТТЕР ДАЯРЛАУДА

БЕРЛИН. 30 декабрь. (СОТА). Батыс Германияның «Дер шпигель» журналы былай деп хабарлады: «американың соғыс-әуе күші қызметінің «тарихи зерттеу бөлімі» өзінің Канадағы «ғылыми-зерттеу орталығы» арқылы немістің бұрынғы әскери қызметкерлеріне «соғыс кезінде және соғыстан кейін олардың болған елдері туралы» толық мәліметтер сұрап үндеу жазған. Мұнымен американдық «қызметке» өздерінің үлесін қосуды өтінген.

Қосымша берілген анкеталарға қарағанда, деп жазады журнал, бұл анкеталар тегі ең алдымен ССРО-да болған соғыс тұтқындарына арналса керек. Онда фабрикалар, электр станциялары, кендер, вокзалдар және темір жол участоктері туралы, армия туралы, көшелердің, үйлердің және көпірлердің құрылыстары туралы және басқа маңызды соғыс объектілерінің немесе құрылыстарының жобалары туралы сұрақтар бар.

Мұнан кейін «Дер шпигель» «тарихи зерттеу бөлімінің» үндеуінен үзінділер келтірген, ол үзінділерден бұл бөлімнің Совет Одағы туралы шпиондық информациялар жыйнайтындығына күдіктенуге болмайды.

АНГЛИЯДА ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ ЖАЙЫНЫҢ НАШАРЛАУЫ

ЛОНДОН, 31 декабрь. (СОТА). Мұнан бұрын хабарланғанындай, соңғы үш жылда Англияда денсаулық сақтау ісіне жұмсалатын қаржы 21 процент кеміген. Англияда 1948 жылдың июлінен бері «денсаулық сақтаудың ұлттық жүйесі» деп аталатын ұйым бар. Ол барлық жұртқа тегін медициналық қамту право-сын беретін сияқты. Шынында ер-адамның жұмысшы әлеуметтік шараларды қаулапандыру үшін апта сайын өзінің ақысынан белгілі мөлшерде сақтық жарна береді. Ол жарнаның алтыдан бірі «денсаулық сақтаудың ұлттық жүйесіне» беріледі.

Бұл жүйені енгізу жөніндегі заңда «медициналық орталықтар» құрудың қажеттілігі туралы айтылса да, 1948 жылдан кейін Англияда бірде-бір жаңа ірі аурухана салынған емес.

Көзіргі бар ауруханалардың жаңа медициналық жабықтарды сатып алу үшін жеткілікті қаржысы болмай отыр. Жуырда медициналық көрнекті қайраткері доктор Хорас Джулс Англияның Солтүстік-Батыс ауданының аурухана басқармасының қажетті қаржысы болмауы себепті екі рентген аппаратын сатып ала алмағандығын мәлімдеген.

Аурухананың қорықтары және медицина қызметкерлері де жеткіліксіз. Бұл мәселе жөнінде «Ивнинг Ньюс» газеті былай деп жазды: «біздің ауруханаларымызда медициналық сестралар, қорықтар өте аз. Бізде жақсы жабықталған аурухана үйлері өте жеткіліксіз. Осыны салдарынан ауруханалар орын күтіп

жылдан-жылға артады. Бесінші бесжылдықтың алғашқы екі жылында ғана жұмысшылардың қызметшілердің және шаруалардың табысы 18 проценттен аса көбейді. 1953 жылы партия мен үкметтің бөлшек сауда бағаларын онан әрі кеміту, ауылшаруашылық өнімдерін дайындау және сатып алу бағаларын көтеру, ауылшаруашылық салығын кеміту, заамға жаңылу мөлшерін азайту жөнінде жүзеге асырған ірі шараларының нәтижесінде еңбекшілердің сатып салу қабілеті қосымша ондаған миллиард сомға өсті.

Социализм тұсында сауда социалистік қоғам мүшелерінің арасында тұтыну заттарын бөлудің негізгі формасы болып табылады және ұзақ уақыт бойы негізгі формасы болып қалады, осы арқылы еңбекшілердің жеке басының өсіп отырған тілектері қанағаттандырылып отырады. Сол сыяқты, ол мемлекеттік өнеркәсіп пен колхоздың ауыл шаруашылығы арасындағы өндірістік-экономикалық байланыстардың жалпы жүйесінде бұл экономикалық ұштасудың бір түрі ретінде маңызды роль атқарады. Мемлекеттік өнеркәсіп деревняға сауда жүйелері арқылы колхоздар мен колхозшыларға керекті өндіріс-шаруашылық маңызы бар, сондай-ақ, жеке тұтынуға арналған саналуан товарларды өндіріп жіберіп отырады. Колхоздар мен колхозшылар да өз тарапынан мемлекетке, тұтыну және кәсіпшілік кооперацияларына, сол сыяқты, тікелей қала еңбекшілеріне колхоз саудасы ретінде басы артық ауылшаруашылық өнімдерін сатуды ұлғайтады.

Қала мен деревняның сауда байланыстары жұмысшы табы мен шаруалар одағының экономикалық негізін нығайтады және социалистік өндірісті өркендетуге көмектеседі.

Совет саудасы еңбекшілердің керексінуін жан-жақты зерттеу және өндірістің мөлшері, шығарылатын товарлардың ассортименті мен сапасы жөнінде өнеркәсіпке белсенді ықпал жасап отыруға тиіс. Сол сыяқты, ол халық тұтынуына, еңбекшілердің керексінуін қалыптастыруға, тұтынушыға жаңа азық-түлік және өнеркәсіп товарларын жеткізуге де әсер етіп отыруға міндетті.

пен ұйымдастырылмайды. Мысалы, Горький облысында сатып алу ретінде мемлекетке мал шаруашылығы өнімдерін тапсырған колхоздар мен колхозшыларға облыстық тұтынушылар одағы товарлардың сатылуын қамтамасыз етпей келеді. Оның үстіне, көп товарлар мақсатқа сай пайдаланылмай отыр.

Тұтыну кооперациялары басы артық ауылшаруашылық өнімдерін өткізу жөнінде де колхоздарға көмек көрсетіп отыруға тиіс. Үкмет тұтыну кооперацияларына қалаларда колхоз рыноктарында шартты түрде колхоздар мен колхозшылардың басы артық ауылшаруашылық өнімдерінің комиссиялық саудасын ұйымдастыруды міндеттеді. Көмектің мұндай түрі колхозға да, колхозшыларға да тиімді. Кооператив қызметкерлері мұндай сауданың артықшылығын іс жүзінде көрсетуге және оны мықтап өркендетуге тиіс.

Өзіне жүктелген міндеттерге сәйкес тұтыну кооперациялары 1954—1956 жылдары құрылыс материалдары мен өндіріске арналған товарлар сататын қосымша 1700 шаруашылық магазиндер мен қоймалар ашады. Көзін селода 250 универмаг және 800 арнаулы магазиндер салынууда. Таяудағы үш жыл ішінде тұтыну кооперациялары барлығы 23.000 бөлшек сауда мекемелерін ашуға тиіс.

1954—1956 жылдары тұтыну кооперацияларында жұмыс істеу үшін техникумдарда 20 мыңнан аса маман—товароведтер, бухгалтерлер, жоспарлаушылар, ал сауда—кооператив мектептерінде—46.500 магазин менгерушілері, сатушылар, аспаздар, есеп қызметкерлері даярланады.

Мемлекеттік және кооперативтік сауданы дамытумен қатар қала еңбекшілерінің тұтынуын қанағаттандыру ісіне елеулі көмек болып табылатын колхоз саудасын онан сайын өркендету міндеті тұр.

Совет саудасын өркендетуде еңбекшілердің керексінуін кеңінен зерттеуді ұйымдастырудың, бұл жөніндегі мәліметтерді товар әкелерде немесе өнеркәсіпке товарға заказ берерде, сол сыяқты өнімді ассортименті бойынша өндіру жоспарын белгілеуде пайдаланудың зор маңызы бар.

ІГІ НӘТИЖЕЛЕР

Біз өткен жылды зор өндірістік табыстармен аяқтадық. Коллектив социалистік жарысқа жашай ұштаса отырып, өздеріне ұлғайтылған міндеттемелер алған болатын. Сөзіміз бен ісіміздің арасында айырмашылық болған жоқ. Артель мүшелері өндіріс процестерін үздіксіз жетілдіріп, пайдаланылмаған мүмкіншіліктерді іздеп табу және оны өндіріске енгізу жолында аянбай еңбек етті де, көпшілік тұтынатын товарлар шығаруды ұлғайтуға, товарлардың түр-түрін көбейтуге, сапасын жақсартуға, өнімнің өзіндік құнын кемітуге жетісті.

Коллектив жылдық жоспарды мерзімінен екі айдай бұрын орындап шықты.

Артель 1953 жылдың жоспары бойынша 900 мың сомның көпшілік тұтынатын товарларын шығаруға тиісті еді. Бұл міндет қалай орындалды? Өткен жылғы 25 декабрьге артель коллективі 900 мың сомның орнына 1 миллион 19 мың 500 сомның халық тұтынатын товарларын өндірді.

Көпшілік тұтынатын товарлар өндіру 1953 жылмен салыстырғанда едәуір ұлғайтылды. Мысалы, бурнағы жылы 2 мың 96 кровать шығарылса, артель 1953 жылдың 11 айы ішінде ғана 2 мың 139 кровать өндірді. Артельде 11 ай ішінде кровать жасау жоспары 106,9 процент орындалды.

Тайудағы уақытта МТС ұсадыбалары ірі елді пункттерге айналады. Мұнда магазиндер, асханалар, чайханалар салуға, МТС жұмысшыларын сауда жағғынап қамтуды жақсартуға кезінде қамқорлық жасау жетеді.

Сауданы онан әрі арзандату, айналымның шығындарын азайту ісінде сауда ұйымдарының алдында үлкен міндеттер тұр. Бесінші бесжылдық жоспарда бес жыл ішінде бөлшек сауда айналымының шығындарын 23 процент кеміту белгіленген. Бұл тапсырманы артығымен орындауға сауда ұйымдарында барлық мүмкіншіліктер бар.

Айналым шығындарын кемітудің негізгі көзі магазиндерді жетілдірілген сауда жабықтарымен қаруландыру, буып-түйілген товар сатуды ұлғайту, еңбек ұйымдастыруды жақсарту арқылы сауда қызметкерлерінің еңбек өнімділігін арттыру болып табылады.

Тасымал шығындарын, сол сыяқты, товарларды тасымалдаудағы және сақтаудағы шығындарды кеміту үнемдеудің маңызды резерві болып саналады. Барлық ішкі шаруашылық мүмкіншіліктерін толық пайдалану айналым шығындарын кемітудің ірі көзі болып табылады.

* * *

Коммунистік партия мен Совет үкметі совет саудасын мықтап өркендетуді ұйымдастыруда. Халықтың тұрмыс дәрежесінің артуы көп ретте партия мен үкмет белгілеген совет саудасын онан әрі өркендету жөніндегі кең программаның ойдағыдай жүзеге асырылуына байланысты. Товар айналымы неғұрлым тез өссе, еңбекшілерге аралуан товарлар да соғұрлым көп сатылады, халықтың тұтыну дәрежесі де соғұрлым арта түседі.

Совет саудасының еңбекшілері коммунистік құрылыстың маңызды участоктерінің бірінде жұмыс істейді. Олар орын алған кемшіліктерді тез жоюға, сауданың жаңа сағыға көтерілуін қамтамасыз етуге, оның мәдениетін арттыруға, сол арқылы еңбекшілердің үздіксіз өсіп отырған қажеттерін жан-жақты қанағаттандыруға міндетті.

Н. БОГАЧЕВ.

ауруханалардың көпшілігінде негізгі дәрігерлік мамандар—терапевтер, хирургтер, акушер-геникологтер, педиаторлар жұмыс істейді. Олар ауыл-село еңбекшілерін емдеу-профилактикалық шаралармен тыңғылықты қамту жолында аянбай еңбек етіп жүр. Мәселен, Боголобово ауруханасының бас дәрігері Т. Самсонов, Марьевка ауруханасының бас дәрігері Т. Никольская жолдастар аурухананың жұмысын бүгінгі күннің талабына сай ұйымдастырып, ауыл-село еңбекшілерінің денсаулығын сақтау, ауруларды емдеу, профилактикалық және гигиеналық-тазалық сақтау шараларының ойдағыдай жүргізілуін қамтамасыз етіп келеді.

Облысымыздың дәрігерлік мекемелері жыл сайын жоғары және орта білімді жас маман кадрлармен толықтырылуда. Үстіміздегі жылы медициналық оқу

шылар арасында денсаулық және тазалық сақтау шараларын ұқыптылықпен жүргізбейтін участоктік дәрігерлер мен фельдшерлер жоқ емес. Бұл сыяқты өз жұмысына жауапсыз қарайтын дәрігерлік қызметкерлердің жұмысына бақылау мейлінше күшейтіліп, олардан барлық қолхоздарда график бойынша жиі-жиі болып тұру, колхозшыларды дәрігерлік көмекпен қамту ісін мейлінше жақсарту қатты талап етілуге тиіс.

Дәрігерлік қызметкерлер көзіргі медицина ғылымындағы жаңалықтарды толық меңгере отырып, ауыл-село еңбекшілерін емдеу-профилактикалық көмекпен қамту ісін онан әрі жақсартуға міндетті.

Т. ИСАЕВА.

Облыстық денсаулық сақтау бөлімі менгерушісінің орынбасары.

ЖАҢА ЖЫЛДЫҚ КЕШТЕР

Қала еңбекшілері жаңа—1954 жылдың кешін көңілді өткізді. Кәсіпорындарының клубтарында жаңа жылдық кештер болды. Облыстық драма театрында жаңа жылдық бал-маскарад өткізілді. Жаңа жылдық кештерге жыйналған жастар би биледі, түрлі ойындар ұйымдастырып, кешті көңілді өткізді.

Әсіресе, Октябрь алаңында орнатылған қалалық шыршаны көрушілер өте көп болды. Түрлі ойыншықтармен безендіріліп, түрлі-түсті электр шамдарына бөленген шырша ағашының түбіне Аяз

ата орнатылған. Көк түсті электр шамдарынан «Бүкіл дүние жүзінде бейбітшілік орнасын!» деп құрастырылып жазылған ұран алыстан көзге түседі. Жыйналғандар шыршаны сүйсіне қарады.

Пионерлер үйінде қаладағы пионерлер активі үшін шырша өткізілді. Пионерлер үйі көркемөнершілердің күші мен жыйналғандарға концерт берілді.

Мектептерде жоғары класс оқушыларының, техникум студенттері мен басқа да оқу орындары оқушыларының жаңа жылдық кештері көңілді өтті.

МЕРЕКЕ ҚАРСАҢЫНДА

Ленин атындағы клубтың қызметкерлері клуб активтерімен бірлесе отырып, теміржолшыларды мәдениетті қамтуда быйылғы жылы едәуір жұмыстар жүргізді.

Клуб қызметкерлерінің коллективі көрнекті совет драматургтерінің пьесаларын көрсетіп келеді.

Украинаның Россияға қайта қосылуының 300 жылдығы мерекесі қарсаңында клуб көркемөнершілері те-

міржолшыларды украин драматургі Миньконың «Фамилиясын атамай» деген комедиясымен таныстырды. Көрушілер рольдерді орындаушылардың шеберлігіне разы болды.

Даңқты күн—Украинаның Россияға қайта қосылуының 300 жылдығы қарсаңында клуб кітапханасы украин жазушыларының кітап көрмелерін ұйымдастырды.

Колхозшыларға арналған лекция

Жуырда Октябрь ауданындағы «Заря коммунизма» колхозының колхозшылары үшін РКП облыстық комитетінің лекторы Кривошеев жолдас халықаралық жағдай туралы лекция оқыды. Ол лекцияның соңында колхозшыларды өздерінің еңбек табыстарын молайта тү-

Спортпен шұғылданды

Октябрь ауданындағы Ленин орта мектебінде шаңғы секциясы жұмыс істейді. Шаңғышы оқушылар секцияның жұмысына үнемі қатысып, оқудан кейін аптасына екі рет шаңғымен жүруге жатығуға шығып тұрады.

Көзір оқушылар қысқы демалыстарын көңілді пайдаланып, мектепаралық

сип. Отанымыздың күш-қуатын арттыру ісіне келеді үлес қосуға шақырды.

Лекция аяқталғаннан кейін Соколовка селосының колхозшылары да келді. Лекция қызықты болып, колхозшылар әсіресе, колхоз өміріне байланысты лекциялардың жиі оқылуына тілек білдірді.

шаңғы жарысына қатысуға әзірленіп жүр.

Мектепте суретке түсіру, математика, драма, қазақ және орыс әдебиеттері, қолөнері, шахмат, жас натуралистер үйірмелері оқу жылы басталғалы жұмыс істеп келеді.

З. РАМАЗАНОВ.

Отырғандардың ұзын тізбелі жасады. Аурулар ауруханадан орын алу үшін екі жыл бойы күтуі қажет болатынын айтады.

«Иллюстриред» журналының хабарына қарағанда, Бирмингемдағы «Уинстон-грин» психатрикалық аурухана 1893 жылдан бері ауруларды қамтуға жарамсыз болып келеді. Алайда, осыған қарамастан бұл аурухана бүгінге дейін пайдаланылып отыр.

ФРАНЦИЯДА ПОЧТА ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІНІҢ ЕРЕУІЛІ

ПАРИЖ, 31 декабрь. (СОТА). Париж вокзалдарының почта қызметкерлерінің ереуілі 10 күннен бері жүріп жатыр. Почта хат-хабарларын және посылкаларды сұрыптап жөнелту бұрынғысынша көзір де жүргізілмей отыр. Сонымен қатар, бір мезгілде Бордо, Марсель, Тулуза, Гренобле, Нант, Мец, Лион вокзалдарының почта қызметкерлері де ереуіл жасауда.

Сондай-ақ, ереуілге Париж қалалық почта бөлімшелерінің қызметкерлері де қатысуда.

ХАЛЫҚ БҰҚАРАСЫНЫҢ ҚЫСЫМЫМЕН

ПАРИЖ, 31 декабрь. (СОТА). «Журналь офисель» газетінде Франция үкметінің 9 августтағы пенсия алу үшін жас мөлшерін белгілеу жөніндегі шешіміне елеулі өзгерістер енгізген шешім жарияланды. Бұрын мәлім болғандай, бұл декрет пенсия алу үшін теміржолшылардың жүк және электр өнеркәсіп жұмысшыларының, қалалық транспорт қызметкерлерінің жасы анағұрлым артық болуын қарастырғанды. Бұл декреттің жариялануы 1953 жылғы август айында Францияның тарихында болмаған ереуіл толқынын туғызды.

Жаңа қаулыға сәйкес үкмет жоғарыда көрсетілген еңбекшілердің категориясына пенсия туралы декретті қолданбайды.

Редактор Ф. МҰХАМЕДЖАНОВ.

Киноларда

«УДАРНИК» КИНОТЕАТРЫНДА

«АЙЫРЫЛМАС ДОСТАР»

Ойын күндізгі 12 сағат 30 минутта және 2 сағат 30 минутта басталады.
1, 2, 3, 4 және 5 январьда кешке
ЖАСАУЛЫ ТОЙ

Ойын 4 с. 30 минутта, 6 с. 30 минутта, 8 с. 40 минутта, 10 с. 45 минутта басталады.

1 январьдан 8 январьға дейін балалар сеанстары алдында концерттер беріледі.

РЕДАКЦИЯНЫҢ АДРЕСІ: Қазақ ССР, Петропавл қаласы, Петренев көшесі, 92-үй. ТЕЛЕФОНДАР: редактор 1-86, редактордың орынбасары — 1-59, секретариат — 1-33, партия бөлімі — 0-22, ауылшаруашылық және өнеркәсіп-транспорт бөлімдері — 2-36, тілшілер бөлімі — 3-39, корректорлар бюросы — 4-39, Газет баспасы — 5-55, газет табыс етілмесе — 1-19 телефон арқылы сөйлесуге болады.